

### **"Молодежный" разрезіне шығумен практикаға бағытталған сабақ.**

29 қазан 2021 ж. 5В070700 – "Тау-кен ісі" мамандығының студенттері (гр.ГД-19-3, ГД-19-4, ГД-19-5 (23 адам)) РМПИ кафедрасының аға оқытушылары Стефлюк Ю. М., Шәйке Н. Қ., Жүніс Г. М. және Ивадилинова Д. Т. сүйемелдеуімен "Молодежный" разрезіне барып, практикаға бағытталған сабаққа қатысты.

Бұл сабақ "Карьерлерде тау жыныстарын дайындау және алу процестері" ("Процессы подготовки и выемки горных пород на карьерах") пәнімен байланысты.

"Молодежный" разрезіне сапардың мақсаты — студенттерді карьердегі өндірістік процестермен, қазу және тиеу жабдықтарының өнімділігін есептеу және қазып алуға дайындық әдістемесімен таныстыру, сондай-ақ пайдалы қазбаларды ашық тәсілмен игерудің заманауи технологиялық схемалары, "Молодежный" көмір разрезі мысалында негізгі және қосалқы процестерді кешенді механикаландыру құралдары туралы түсінік беру.

Студенттер оқиға орнында қауіпсіздік техникасы бойынша алғашқы нұсқаулықтан өтті.

Разрезде БВР инженерінің Гладышев И. И. басшылығымен студенттер разрезді әзірлеудің технологиялық схемаларымен танысты, көмір разрезіндегі негізгі және қосалқы процестерді кешенді механикаландырудың заманауи құралдары және жабдықтың технологиялық сипаттамалары мен жұмыс режимдерінің оның өнімділігіне әсері туралы білді.

Практикаға бағытталған сабақтың мақсаты «Карьерлерде тау жыныстарын дайындау және алу процестері» пәні бойынша дәрістер мен практикалық сабақтар өткізу кезінде алынған теориялық білімді бекітуден тұрады.









